## «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының бірінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымының

# ПРОСПЕКТІСІ

**Облигациялар түрі:** қамтамасыздықсыз купондық облигациялар.

**Облигациялар саны:** 100 000 000 (жүз миллион) дана.

**Шығарылым көлемі:** 100 000 000 000 (жүз миллиард) теңге.

**Эмитенттің қысқартылған атауы:** «ҚазАгро Холдингі» АҚ

Өкілетті органның облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуі проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға белгілі бір ұсыныстарды ұсынуды білдірмейді. Облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған өкілетті орган осы құжатта бар ақпараттың шынайылығы үшін жауапкершілік жүктемейді. Облигацияларды шығару проспектісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестікке ғана тексерілді. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектіде бар ақпараттың шынайылығы үшін жауапкершілік жүктейді және онда ұсынылған күллі ақпараттың шынайы болып табылатындығын және инвесторларды эмитент пен оның облигацияларына қатысты шатыстырмайтындығын растайды.

**Астана қ., 2015 ж.**

1. Облиғациялардың осы шығарылымы «Қазағро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының бірінші облиғациялық бағдарламасының проспектісімен сәйкес жүзеге асырылады (бұдан былай - «**Эмитент**»).

**2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:**

1) **Облигациялық бағдарлама проспектісішің мемлекеттік тіркелген күні**:

12 желтоқсан 2014 ж.;

2) **Оның шегінде шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай көрсетілген көлемі**:

200 000 000 000 (екі жұз миллиард) теңге;

3) **облигациялар шығарылымының реттік нөмірі**:

облиғациялар шығарылымы Эмитенттің бірінші облиғациялық бағдарламасы шеғінде екінші болып табылады;

4) **облигациялардың алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер (шығарылымның өкілетті органда тіркелген күні, облигациялар саны, кесімді құн бойынша шығарылым көлемі және берілген облигациялық бағдарлама шегіндегі әрбір жеке шығарылым бойынша орналастырылған облигациялар саны)**:

берілген облиғациялық бағдарлама шеғіндеғі бірінші шығарылымның тіркелғен күні - 12 қыркүйек 2014 ж.;
бірінші шығарылым НИН - KZP01Y10E814;
бірінші шығарылым облиғацияларының саны - 30 000 000 (отыз миллион) дана;
бірінші шығарылым көлемі кесімді құны бойынша - 30 000 000 000 (отыз миллиард) теңге;
бірінші шығарылымның орналастырылған облиғацияларының саны – 20 057 000 (жиырма миллион елу жеті мың) дана;

5) **облигациялық бағдарлама шегінде бұрын шығарылған облигациялармен олардың ұстаушыларына ұсынылатын құқықтар, оның ішінде, шектеулерді (ковенант) бұзу кезінде жүзеге асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтар, ұстаушылардың осы құқықтарын жүзеге асыру тәртібін көрсете отырып:**

бірінші облиғациялық бағдарламаның шеғіндеғі облиғациялардың бірінші шығарылымы бойынша олардың ұстаушыларына ұсынылатын құқықтар:

- облиғацияларды шығару проспектісімен қарастырылған тәртіппен және мерзімде облиғацияларды өтеу кезінде кесімді құнын алуға;
- облиғацияларды шығару проспектісімен қарастырылған тәртіппен және мерзімде облиғациялар бойынша купондық сыйақыны алуға;
- облиғацияларды еркін шеттету және басқа жолмен иелік ету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіппен облиғацияларға қатысты өзінің талаптарын қанағаттандыруға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған, сонымен қатар, Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған тәртіппен ақпаратты алуға.

Облиғацияларды ұстаушылардың мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы қарастырылмаған, облиғацияларды шығару проспектісімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда.

Шығарылым облиғациялары ұстаушыларының, Эмитент өзінің бірінші облиғациялар проспектісімен қарастырылған міндеттемелері мен шектеулеріп (ковенанттарын) сақтаған

уақытта, Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін талап ету құқығы қарастырылмаған.

Ұстаушылар Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 2 шілдесі күнгі №461-II «Құнды қағаздар нарығы туралы» Заңының 18-4 бабымен қарастырылған жағдайларда, және «Эмитентпен қабылданатын шектеулер (ковенанттар)» облигацияларды шығару проспектісінің 3 тармағының 20) тармақшасы бұзылған жағдайларда, облигациялардың сатылып алынуын талап етуге құқылы.

**3. Шығарылым құрылысы:**

1) **Облигациялар түрі:**

қамтамасыздықсыз купондық облигациялар;

2) **Шығарылатын облигациялар саны және кесімді құн бойынша облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:**

шығарылатын облигациялар саны – 100 000 000 (жүз миллион) дана;
кесімді құн бойынша облигациялар шығарылымының жалпы көлемі – 100 000 000 000 (жүз миллиард) теңге;

3) **бір облигацияның кесімді құны:**

1 000 (бір мың) теңге;

4) **облигациялар бойынша сыйақы:**

- ***облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі:***
облигациялар айналымының күллі мерзімі бойына тіркелген сыйақы (купон) мөлшерлемесі – облигациялардың кесімді құнынан жылына 8% (сегіз пайыз);

- ***одан сыйақы есептеу басталатын күн:***
облигациялар бойынша сыйақы есептеу олардың айналымы басталған күннен бастап жүзеге асырылады;

- ***сыйақыны төлеу кезеңділігі мен күні:***
облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу жылына 2 (екі) рет, облигациялар айналымы басталған күннен бастап әрбір 6 (алты) ай өткен сайын және олардың айналымының күллі мерзімі ішінде орындалады;

- ***сыйақыны төлеу тәртібі және шарттары (егер инвестор Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын болса, төлеу валютасы мен айырбастау бағамы көрсетіледі):***
облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу теңгемен ақшаны ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ол үшін сыйақыны төлеу жүзеге асырылып отырған кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күндері ішінде аудару жолымен орындалады.

  Купондық сыйақыны алу құқығына облигациялар ұстаушылары тізілімінде ол үшін төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күні басындағы жағдай бойынша тіркелген тұлғалар ие.

  Купондық сыйақы төлем күні кесімді құн мен купондық сыйақының жарты жылдық мөлшерлемесі ретінде есептеледі.

  Егер облигациялар ұстаушысы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын болса, купондық сыйақыны төлеу облигациялардың осындай ұстаушысында Қазақстан

Республикасы аумагында теңгелей банктік шоты болган уақытта теңгемен орындалатын болады.

Теңгені басқа валютага айырбастау облигаңиялар ұстаушысынан қажетті жазбаша өтініш алынган уақытта, осындай төлем жүзеге асырылатын күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен анықталган багам бойынша мүмкін болады. Теңгені басқа валютага айырбастау облигаңиялар ұстаушысы есебінен орындалатын болады.

- ***сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:***
  облигаңиялар бойынша купондық сыйақыны есептеу «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі ережелерімен сәйкес (бұдан былай – «Биржа») 360/30 (жылына 360 күн / айына 30 күн) уақытық базасы есебінен орындалады;

- ***индекстелген облигацияларды шыгару кезіндегі есеп-айырысулар тәртібі:***
  облигаңиялар индекстелген болып табылмайды;

- ***егер сыйақы мөлшерлемесі тіркелген болып табылмаса, оның мөлшерін анықтау тәртібі көрсетіледі:***
  облигаңиялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі тіркелген болып табылады;

5) **облигациялар айналымы мен өтеу туралы мәліметтер:**

- ***облигациялар айналымының басталу күні:***
  айналымның басталган күні – облигаңиялардың Биржаның ресми тізіміне енгізілген күні. Биржаның ресми тізіміне енгізу күні туралы хабар Биржаның интернет-ресурсында жарияланатын болады (http://www.kase.kz);

- ***онда облигациялардың айналымы жоспарланган нарық (ұйымдастырылган және (немесе) ұйымдастырылмаган)***
  облигаңиялар құнды қагаздардың ұйымдастырылган, сонымен қатар, ұйымдастырылмаган нарықтарында айналатын болады;

- ***облигациялардың айналу мерзімі:***
  облигаңиялардың айналу күнінен бастап 10 (он) жыл;

- ***облигацияларды өтеу шарттары***:
  облигаңиялар облигаңиялардың кесімді құны бойынша теңгемен біруақытта соңгы купондық сыйақыны облигаңиялар айналымының соңгы күнінен кейінгі күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде, ақшаны облигаңиялар айналымының соңгы күнінің басындагы жагдай бойынша облигаңиялар ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигаңиялар ұстаушылардың банктік шоттарына аудару жолымен төлей отырып өтеледі. Егер облигаңиялар ұстаушысы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын болса, негізгі борыш пен соңгы купондық сыйақы сомасын төлеу осындай облигаңиялар ұстаушысында Қазақстан Республикасының аумагында теңгелей банктік шоты болган уақытта, теңгемен орындалатын болады.
  Теңгені басқа валютага айырбастау облигаңиялар ұстаушысынан қажетті жазбаша өтініш алынган уақытта, осындай төлем жүзеге асырылатын күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен анықталган багам бойынша мүмкін болады. Теңгені басқа валютага айырбастау облигаңиялар ұстаушысы есебінен орындалатын болады;

- ***облигацияларды өтеу күні***:
  облигаңияларды өтеуді бастау күні – облигаңиялар айналымы басталган күннен бастап 10 (он) жыл өткеннен кейін, облигаңиялар айналымының соңгы күнінен кейінгі күн;

- ***облигацияларды өтеу орындалатын орын (орындар):***
  Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Алматы ауданы, Республика даңгылы, 24;

- *облигацияларды өтеу тәсілі*:
  облигациялар осы тармақта көрсетілген облигацияларды өтеу шарттарымен сәйкес теңгемен, облигациялардың кесімді құны бойынша өтеледі;

6) **облигациялар бойынша қамтамасыздық (ипотекалық және басқа да қамтамасыздындырылған облигацияларды шығару кезінде):**
осы шығарылым облигациялары қамтамасыздандырылған болып табылмайды;

7) **облигациялар ұстаушылары өкілі туралы мәліметтер (облигациялар ұстаушылары өкілі атауы, орналасқан жері, телефондарының нөмірі, қызметтер көрсету туралы шарт күні мен нөмірі көрсетіледі):**
облигациялар ұстаушыларының өкілі - «BCC Invest» акционерлік қоғамы - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы, ол «Қазақстан қаржыгерлері ассоциациясы» ЗТБ және Биржаның мүшесі болып табылады, Қазақстан Республикасының Қаржылық нарықты және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттік берген, 2006 жылдың 31 шілдесі күнгі № 0401201249 лицензия негізінде әрекет етеді;
Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050022, Алматы, Шевченко к., 100, 5 қабат, тел.: +7 (727) 244-32-32, факс: +7 (727) 244-32-31.
Облигациялар ұстаушыларының өкілі өзінің қызметтерін облигациялар ұстаушылары мүдделерін ұсыну туралы Шарт негізінде жүзеге асырады № 5/15 2015 ж. 26 наурызы күнгі;

8) **тіркеуші туралы мәліметтер (құнды қағаздар ұстаушыларының атауы, орналасқан жері, телефондар нөмірлері, тізілім жүйесін жүргізу бойынша қызметтерді көрсету шартының күні мен нөмірі көрсетіледі):**
құнды қағаздар ұстаушыларының тізілімдері жүйесін жүргізуді «Құнды қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы жүзеге асырады.
Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Бостандық ауданы, Сәтпаев к., 30А/3 үй, тел.: +7 (727) 272-47-60, факс: +7 (727) 272-47-60, іш. 230.
Құнды қағаздар ұстаушыларының тізілімдері жүйесін жүргізу бойынша № 1058 шарт, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2015 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімге тпптік формаға қосу жолымен;

9) **облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер (облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдардың атауы, орналасқан орыны, қажетті шарттар күні мен нөмірі көрсетіледі):**
қаржылық кеңесші және андеррайтер: «Қазақстан Халық банкінің «Halyk Finance» еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы (Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Әл-Фараби даң., 19/1, «Нұрлы Тау» БО, 3Б, 6 қабат; тел: + 7 (727) 244-65-40, факс: + 7 (727) 259-05-93), ол «Қазақстан қаржыгерлері ассоциациясы» ЗТБ және Биржаның мүшесі болып табылады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген, 2014 жылдың 14 маусымы күнгі №4.2.92/28 лицензия негізінде әрекет етеді.
Қаржылық кеңесші өзінің қызметтерін Қаржылық кеңесші және андеррайтер қызметтерін көрсету туралы шарт негізінде жүзеге асырады № 07-1-02/01, 2015 ж. 06 сәуірі күнгі;

10) **төлем агенті туралы мәліметтер (оның атауы, орналасқан жері, телефондар нөмірі, қажетті шарт күні мен нөмірі көрсетіледі):**
төлем агенті қарастырылмаған. Купондық сыйақыны және кесімді құнды төлеуді Эмитент өз бетімен жүзеге асыратын болады.

11) **Облигациялар оның ұстаушысына ұсынатын құқықтар:**

Облигацияларды ұстаушылар келесілерге құқылы:

- облигацияларды өтеу кезінде облигацияларды шығару проспектісімен қарастырылған тәртіппен және мерзімде кесімді құнын алуға;
- облигацияларды шығару проспектісімен қарастырылған тәртіппен және мерзімде облигациялар бойынша купондық сыйақы алу;

- облигацияларды еркін сату және басқа жолмен шеттету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіппен облигацияларға қатысты өзінің талаптарын қанағаттандыруға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған, сонымен қатар, Эмитенттің ішкі корпоратнвтік ережелерімен және Биржа талаптарымен қарастырылған тәртіппен, Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты алуға.

Облигациялар ұстаушылардың Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін талап ету құқығы, оның ішінде, облигацияларды шығару проспектісімен қарастырылған шектеулерді (ковенанттарды) бұзған уақытта, қарастырылмайды.

Ұстаушылар Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 2 шілдесі күнгі №461-II «Құнды қағаздар нарығы туралы» Заңының 18-4 бабымен қарастырылған жағдайларда, және «Эмитентпен қабылданатын шектеулер (ковенанттар)» облигацияларды шығару проспектісінің 3-2 тармағы бұзылған жағдайларда, облигациялардың сатылып алынуын талап етуге құқылы;

**11-1) олар орын алған уақытта Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялана алатын оқиғалар:**

Облигациялар бойынша дефолт – бұл сыйақыны (купонды) және/немесе кесімді құнды облигацияларды шығару проспектісімен анықталған мерзімде төлемеу немесе толық төлемеу. Эмитент кінәсі бойынша купондық сыйақы және/немесе облигациялар бойынша негізгі борыш облигацияларды шығару проспектісімен анықталған мерзімде төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Эмитент облигациялар ұстаушыларына әрбір кешіктірілген күн үшін өсімпұл төлейді, ол Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттемені немесе оның бөлігін орындау күнгі қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне тәуелді есептеледі (яғнн, ол үшін төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңы күнінен кейінгі күні).

Облигациялар бойынша дефолт орын алған уақытта облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен сәйкес аталмыш облигациялар бойынша борышты талап етуге құқылы.

Эмитент барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асырады және өзінің міндеттемелері бойынша дефолттарға жол бермеу мақсатымен барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асырады және барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Облигациялар бойынша дефолт орын алған уақытта Эмитент дефолттың орын алуын туғызған себептерді жою үшін бар күшін салады, оның ішінде, келесі шараларды қабылдайды:

1. Орын алған жағдайда Эмитенттің өтімділігін тиімді басқару және Эмитенттің міндеттемелерін ары қарай орындауы үшін оның жеткілікті деңгейін қамтамасыз етумен байланысты іс-шараларды орындау бойынша;
2. Орын алған оқнғаға тәуелді басқа да шаралар.

Облигациялар бойынша дефолт орын алған уақытта Эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртінпен және шарттар негізінде жүзеге асырылатын болады.

Эмитент егер бұл орындамау жеңілмейтін күш жағдайларының салдары болған болса, облигацияларды шығару проспектісі бойынша өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауы үшін жауапкершіліктен босатылады. Жеңілмейтін күш жағдайлары деп олардың орын алуын алдын ала болжау немесе алдын алу мүмкін емес болған жағдайлар түсініледі (табиғат құбылыстары, әскери әрекеттер және т.б.). Жеңілмейтін күш жағдайлары орын алған жағдайда, Эмитенттің облигацияларды шығару проспектісі бойынша өзінің міндеттемелерін орындау мерзімі оның ішінде осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақыт кезеңіне сәйкес шегеріледі.

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе талаңа сай орындамаған жағдайда Эмитенттің облигацияларына бойынша солидарлы немесе субсидиарлы жауапкершілік жүктейтін тұлғалар жоқ. Эмитент дефолттан қолжетімді шығу жолын анықтау мақсатымен облигациялар ұстаушыларының жалпы жиналысын өткізуге бастамашы болатын болады.
Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес, қажетті көлемдері мен орындау мерзімдерін көрсете отырып, облигациялар ұстаушылары алдындағы өзінің міндеттемелерін орындау бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

Дефолт жағдайында Эмитентпен қабылданатын, Эмитенттің төлеу қабілетін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған шаралар құрамына кез-келген қайта ұйымдастырушылық, ұйымдастыру-шаруашылықтық, басқарушылық, инвестициялық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқалары, сонымен қатар, облигациялар ұстаушыларының құқықтарын қорғау процедуралары кіреді, оның ішінде, Эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары.

Облигацияларды шығару проспектісі шарттары купондық сыйақыны және/немесе облигациялар бойынша негізгі борышты төлеу бөлігінде бұзылған жағдайда, Эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес кредиторлар рұқсатымен қабылдайды, оның ішінде, облигация оның ұстаушысына ұсынатын құқықтарды ескере отырып. Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда, облигациялар ұстаушылары өкілінің міндетті қатысуымен, облигациялар ұстаушысымен келіссөздер жүргізу жолымен келісімдейді.

Облигацияларды шығару проспектісінің шарттары бойынша міндеттемелер бойынша дефолт орын алған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Биржаның листингтік талаптарымен, немесе листингтік шартпен қарастырылған мерзім ішінде, ал осындай мерзім болмаған уақытта – дефолт орын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент өз бетімен облигациялар ұстаушыларына облигациялар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлауға міндетті. Эмитент көрсетілген мәліметтерді облигациялар ұстаушыларына Эмитенттің (www.kazagro.kz), Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептік депозитарийінің интернет-ресурстарында жариялау арқылы, облигациялар параметрлерін, ол күні купондық сыйақы және/немесе облигациялардың кесімді құны төленуі тиіс болған күнді, орындалмаған міндеттемелер көлемін көрсетіп, облигациялар ұстаушыларының өздерінің талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерін, оның ішінде, талаппен Эмитентке жүгіну тәртібі, сонымен қатар, Эмитент өзінің міндеттемелерін орындау үшін қабылдап жатқан шараларды, және оған дейін Эмитент өзінің міндеттемелері бойынша облигациялар ұстаушыларымен есеп-айырысуды жоспарлап отырған күнді атай отырып жеткізеді. Басқа заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашуды тапсыру қарастырылмаған;

**12) Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы:**

Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша облигацияларды толық көлемде, облигациялардың айналымы басталған күннен бастап 3 (үш) жылдан кейін ғана мерзімінен бұрын өтеуге құқылы.

Облигациялар ұстаушыларына Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, мерзімінен бұрын өтеу шарттары, мерзімдері мен тәртібін көрсете отырып хабарлануы тиіс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқа мерзім қарастырылмаған болса.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу кесімді құны бойынша теңгелей, біруақытта соңғы жинақталған купондық сыйақыны төлей отырып, ақшаны Эмитенттің Директорлар кеңесімен бекітілген, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу басталған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күн ішінде аудару жолымен жүзеге асырылады. Егер облигациялар ұстаушысы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын болса, төлем теңгелей, облигациялардың осындай ұстаушысында Қазақстан Республикасы аумағында банктік шоты болған уақытта орындалатын болады. Теңгені басқа валютаға айырбастау облигациялар ұстаушысынан қажетті жазбаша өтініш алған уақытта, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осындай төлем жүзеге асырылатын күні

анықталған бағам бойынша мүмкін болады. Теңгені басқа валютаға айырбастау облигациялар ұстаушысы есебінен орындалатын болады.

Облигациялар мерзімінен бұрын өтелген уақытта облигациялардың кесімді құнын және соңғы сыйақыны алуға оларды мерзімінен бұрын өтеу күні алдағы облигациялар айналымының соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигациялар ұстаушылары тізілімінде тіркелген тұлғалар құқылы болады.

**Эмитенттің облигацияларды сатып алуы**:

**Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 2 шілдесі күнгі № 461-II «Құнды қағаздар нарығы туралы» Заңының 18-4 бабымен қарастырылған жағдайларда Эмитенттің орналастырылған облигацияларды сатып алу тәртібі:**

Орналастырылған облигацияларды сатып алуды Эмитент келесі жағдайларда орындауы тиіс:

1. Эмитенттің Директорлар кеңесінің облигациялар делистингі туралы шешім қабылдауы;
2. қаржы биржасының олардың тізімі өкілетті органның норматнвті құқықтық актісімен және Биржаның ішкі құжаттарымен анықталған ақпаратты Биржаға ұсыну бөлігіндегі арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебі бойынша Эмитенттің облигацияларын делистингтеу туралы шешім қабылдауы;
3. Эмитенттің облигациялар ұстаушылары өкілімен облигациялар ұстаушыларының бұрынғы өкілімен шарт бұзылған немесе әрекеті тоқтатылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен асатын мерзімде шарт жасаспауы.

Осы бөлімде көрсетілген жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Эмитент осындай факт туралы облигациялар ұстаушыларына облигациялар ұстаушылары өкіліне хабарлау (осы тармақтың 3) тармақшасымен қарастырылған жағдайды қоспағанда), сонымен қатар, Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсына, Биржаның интернет-ресурсына www.kase.kz және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына www.dfo.kz хабарды орналастыру арқылы хабарлайды, оның ішінде:

- Эмитент облигацияларын сатып алуға әкелетін, көрсетілген оқиғалардың қайсысы орын алғандығы туралы ақпарат;
- Облигациялар ұстаушыларының өздерінің талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерін атау, оның ішінде, Эмитентке облигацияларды сатып алу туралы талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдері;
- Эмитент шешімі бойынша басқа да ақпаратты.

Эмитент жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың кесімді құнына сәйкес келетін баға бойынша немесе қай шама ең үлкені болатындығына тәуелді, облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша орналастырылған облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

**Эмитент бастамасы бойынша облигацияларды сатып алу:**

Өзінің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарымен сәйкес олардың айналымының күллі мерзімі ішінде өзінің облигацияларын ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алуға және сатуға құқылы. Мәміле мерзімдері мен бағасы мәміле жасалған сәтте қалыптасқан нарықтық жағдайларға тәуелді анықталады. Осындай мәмілелер бойынша төлемдер қолма-қол ақшасыз формада, ақшаны облигациялар сатушысының шотына аудару жолымен жүзеге асырылады.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигациялардың басқа ұстаушылары құқықтарының бұзылуын туғызбауы тпіс .

Сатылып алынған облигациялар өтелген болып есептелмейді және Эмитентпен қайта орналастырыла алады.

**Облигацияларды сатып алу механизмі:**

Облигацияларды ұстаушы шектеулер (ковенанттар) бұзылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 2 шілдесі күнгі №461-II «Құнды қағаздар нарығы туралы» Заңының 18-4 бабымен қарастырылған жағдайларда, Эмитенттің атына оған меншікті облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш жіберуге құқылы. Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті реквизиттерді көрсете отырып, еркін формада оған меншікті облигацияларды сатып алу туралы өтініш тапсыра алады:

**Заңды тұлға үшін:** облигациялар ұстаушысының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және берген орган; заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банктік реквизиттері; сатылып алынуы тиіс облигациялар саны және түрі;

***Жеке тұлға үшін:*** облигациялар ұстаушысының тегі, аты, және болған уақытта, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; тұлғаны куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген орган; тұрғылықты жері; телефондары; банктік реквизиттері; сатылып алынуы тиіс облигациялар саны және түрі.

Облигациялар ұстаушысының өтінішін Эмитент өтініш алынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қарайды.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алу туралы шешімі облигациялар ұстаушылардың назарына ол қабылданған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде, ақпаратты Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (http://www.kazagro.kz/) және/немесе Эмитент жарғысымен анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, сонымен қатар, ақпаратты Биржаның ресми интернет-ресурсына (http://www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсына www.dfo.kz орналастыру арқылы жеткізілетін болады.

Облигацияларды сатып алуды Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алу мерзімдері мен тәртібі туралы қажетті шешімі жарияланғаннан кейін 40 (қырық) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады, бірақ облигациялар ұстаушысынан облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш алынған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде. Облигацияларды сатып алу кесімді баға мен жинақталған купондық сыйақыны облигациялар ұстаушыларының ағымдағы шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

Облигацияларды сатып алу процедурасы шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 2 шілдесі күнгі №461-II «Құнды қағаздар нарығы туралы» Заңының 18-4 бабымен қарастырылған жағдайларда, облигациялар ұстаушыларымен ұсынылған өтініштер негізінде ғана орындалатын болады. Сатып алу туралы өтініш тапсырмаған облигациялар ұстаушылары оларға меншікті облигацияларды облигацияларды шығару проспектісінде көрсетілген олардың айналу мерзімі өткеннен кейін өтеуге құқылы болады;

**12-1) Эмитенттің облигациялар ұстаушыларына ақпарат мазмұнын, осындай ақпаратты ашу тәртібі, мерзімдері мен тәсілін көрсете отырып, өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы ақпараттандыру тәртібі, оның ішінде, облигацияларды шығару проспектісімен қарастырылған шектеулерді (ковенант) бұзу туралы ақпараттандыру:**

Эмитент облигациялар ұстаушыларына өзінің қызметі, қаржылық жағдайы және шектеулерді орындауы (ковенанттарды) туралы облигациялар ұстаушылары өкіліне хабарлау арқылы, сонымен қатар, хабарларды мемлекеттік емес эмиссиялық құнды қағаздар листингі туралы шартта көрсетілген мерзімдермен және тәртіппен сәйкес, Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (http://www.kazagro.kz/), Биржаның ресми интернет-ресурсында (http://www.kase.kz), сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған мерзімдермен және тәртіппен сәйкес, Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында www.dfo.kz жариялау жолымен ақпараттандырады және тұрақты негізде жаңартып тұратын болады.

Шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, аталмыш бұзушылық туралы ақпараттандыру тәртібі облигацияларды шығару проспектісінің 3-2 тармағымен қарастырылған;

13) **Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану туралы мәліметтер:**

облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты Эмитенттің еншілес ұйымдарын және басқа да қаржылық институттарды қорландыру жолымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін қаржыландыруға бағыттау жоспарланған.

Алынған ақшалай қаражаттың жоспарланған үлестіруінде өзгертулер болуы ықтимал жағдайлар орын алған уақытта, Эмитент Қазақстан Республикасының талаптарымен сәйкес облигацияларды шығару проспектісіне қажетті өзгертулер мен толықтырулар енгізетін болады.

**3-1. Облигациялар өтелетін сәтке дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі қимасында сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитент көздері мен ақшалай қаражат ағындарын болжау:**

Эмитенттің көздері мен ақшалай қаражат ағындарының болжамы облигацияларды шығару проспектісіне 1 Қосымшада келтіріледі.

**3-2. Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар) (егер бұл Эмитент органының облигацияларды шығару туралы шешімімен қарастырылған болса):**

Облигациялар айналымының күллі мерзімі ішінде Эмитент келесі шарттарды сақтауға міндетті:

1) Эмитент активтері құрамына кіретін, шеттету күні Эмитент активтерінің жалпы құнынан 25% (жиырма бес пайыздан) асатын сомаға мүлікті шеттетпеу;
2) Аталмыш облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күнгі Эмитент активтерінің жалпы құнынан 10% (он пайыздан) асатын Эмитент облигацияларын шығарумен байланысы жоқ міндеттемелерді орындамау фактілеріне жол бермеу;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Эмитент қызметінің негізгі түрлерін өзгертуді қарастыратын, Эмитенттің құрылтайлық құжаттарына өзгертулер енгізбеу;
4) Ұйымдастырушылық-құқықтық форманы өзгертпеу;
5) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартпен анықталған жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу;
6) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартпен анықталған, Эмитентің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептемелерді ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу, аудиторлық есептемелерді ұсыну мерзімдерін бұзу себебі аудиторлық ұйым кінәсі болып табылатын жағдайларды қоспағанда.

**Шектеулер (ковенанттар) бұзылған уақыттағы Эмитент пен облигациялар ұстаушысының әрекет ету тәртібі:**

Жоғарыда аталған ковенанттар бұзылған жағдайда облигацияларды ұстаушылар олардың сатылып алынуын талап етуге құқылы. Эмитент облигациялар ұстаушыларының талабы бойынша орналастырылған облигацияларды жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың кесімді құнына сәйкес келетін баға бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда Эмитент бұзушылық орын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушылардың назарына аталмыш бұзушылық туралы ақпаратты, бұзушылықтың орын алу себебін, аталмыш бұзушылықтың жойылу тәсілі мен мерзімін толық сипаттай отырып, Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсына (www.kazagro.kz), Биржаның интернет-ресурсына (www.kase.kz), сонымен қатар, Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына (www.dfo.kz) ақпараттық хабарды ұсыну арқылы жеткізеді.

4. **Опциондар туралы ақпарат:**

Опциондар қарастырылмаған.

5. **Айырбасталатын облигациялар:**

Осы шығарылым облигациялары айырбасталатын болып табылмайды.

6. **Облигацияларды орналастыру тәсілі:**

облигацияларды орналастыру Биржаның ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында өткізілетін болады.

1) **Облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі:**
Облигациялар шығарылымы айналымының күллі мерзімі ішінде;

2) **Жазылу жолымен акцияларға айырбасталатын облигацияларды орналастыру кезінде айырбастау шарттары көрсетіледі:**

осы шығарылым облигациялары айырбасталатын болып табылмайды;

3) **Облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі:**

облигациялар қолма-қол ақшасын формадағы ақшамен төленеді. Облигацияларды орналастыру Биржаның сауда жүйесінде саудаларды өткізу жолымен өткізілетін болады, облигацияларды төлеу Биржаның ішкі ережелерімен сәйкес жүзеге асырылады.

**Басқарма Төрағасы м. а.** **Махажанов Д.С.**

**Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті директорының м. а. – Бас есепші** **Малдыбаева Г.Б.**

1 қосымша. Эмитенттің ақшалай қаражаты көздері мен ағындарының болжамы, млн. теңге

| | 2015 1 жартыжылдық | 2015 2 жартыжылдық | 2016 1 жартыжылдық | 2016 2 жартыжылдық | 2017 1 жартыжылдық | 2017 2 жартыжылдық | 2018 1 жартыжылдық | 2018 2 жартыжылдық | 2019 1 жартыжылдық | 2019 2 жартыжылдық | 2020 1 жартыжылдық | 2020 2 жартыжылдық | 2021 1 жартыжылдық | 2021 2 жартыжылдық | 2022 1 жартыжылдық | 2022 2 жартыжылдық | 2023 1 жартыжылдық | 2023 2 жартыжылдық | 2024 1 жартыжылдық | 2024 2 жартыжылдық | 2025 1 жартыжылдық |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Кезең басындағы ақша қалдығы, оның ішінде депозиттер** | **159 755** | **203 879** | **169 076** | **183 666** | **188 849** | **199 587** | **134 598** | **146 428** | **196 540** | **189 667** | **117 924** | **203 589** | **135 084** | **180 872** | **200 195** | **298 580** | **317 123** | **228 969** | **234 157** | **221 891** | **197 545** |
| **Түсім** | **342 816** | **160 935** | **194 380** | **219 326** | **216 838** | **173 874** | **240 672** | **318 128** | **412 467** | **229 421** | **380 655** | **255 682** | **241 979** | **189 117** | **234 491** | **183 088** | **233 121** | **163 167** | **204 619** | **154 104** | **205 503** |
| Астықты өткізу | **42 044** | **33 683** | **43 095** | **34 525** | **44 172** | **35 389** | **45 277** | **36 273** | **46 409** | **37 180** | **47 569** | **38 110** | **48 758** | **39 062** | **49 977** | **40 039** | **51 226** | **41 040** | **52 507** | **42 066** | **53 820** |
| Алынатын сыйақы | 35 640 | 43 352 | 45 841 | 49 840 | 53 759 | 57 764 | 59 808 | 64 057 | 69 856 | 73 889 | 76 270 | 83 523 | 78 055 | 76 060 | 73 281 | 72 915 | 70 165 | 64 545 | 61 338 | 58 335 | 55 004 |
| Қарыздар алу | 245 000 | 15 000 | 40 000 | 70 000 | 40 000 | 0 | 40 000 | 120 000 | 200 000 | 0 | 120 000 | 0 | 40 000 | 0 | 40 000 | 0 | 40 000 | 0 | 40 000 | 0 | 40 000 |
| *Олардың ішінде: екінші шығарылым бойынша бірінші облигациялық бағдарлама шегінде* | *100 000* | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | *0* | *0* |
| Берілген несиелер бойынша ақша түсімі | 20 132 | 68 900 | 65 444 | 64 961 | 78 907 | 80 721 | 95 587 | 97 797 | 96 203 | 118 352 | 136 816 | 134 050 | 75 166 | 73 995 | 71 233 | 70 134 | 71 729 | 57 582 | 50 775 | 53 703 | 56 679 |
| **Кему** | **298 691** | **195 739** | **179 790** | **214 143** | **206 100** | **238 862** | **228 842** | **268 016** | **419 340** | **301 164** | **294 990** | **324 188** | **196 190** | **169 794** | **136 106** | **164 545** | **321 275** | **157 978** | **216 885** | **178 450** | **209 992** |
| Әкімшілік шығындар | 2 260 | 2 317 | 2 374 | 2 434 | 2 495 | 2 557 | 2 621 | 2 686 | 2 754 | 2 822 | 2 893 | 2 965 | 3 039 | 3 115 | 3 193 | 3 273 | 3 355 | 3 439 | 3 525 | 3 613 | 3 703 |
| Астықты сатып алу | 37 843 | 30 318 | 38 789 | 31 076 | 39 758 | 31 853 | 40 752 | 32 649 | 41 771 | 33 465 | 42 815 | 34 302 | 43 886 | 35 159 | 44 983 | 36 038 | 46 107 | 36 939 | 47 260 | 37 863 | 48 441 |
| Қарыздар мен уақытша қаржылық көмек беру | 204 421 | 98 548 | 106 981 | 106 981 | 128 189 | 128 189 | 148 601 | 148 601 | 173 525 | 173 525 | 197 870 | 197 870 | 5 909 | 5 909 | 5 065 | 5 065 | 4 341 | 4 341 | 3 721 | 3 721 | 3 721 |
| Несиені өтеу | 36 700 | 40 000 | - | 40 000 | - | 40 000 | - | 40 000 | 150 000 | 40 000 | - | 40 000 | 96 667 | 81 667 | 41 667 | 81 667 | 231 667 | 81 667 | 135 000 | 115 000 | 145 000 |
| *Олардың ішінде: бірінші облигациялық бағдарлама* | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | *100 000* |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *шегіндегі екінші шығарылым бойынша* | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Сыйақыны төлеу | 17 467 | 24 556 | 31 645 | 33 652 | 35 658 | 36 263 | 36 868 | 44 079 | 51 290 | 51 351 | 51 412 | 49 050 | 46 689 | 43 944 | 41 198 | 38 501 | 35 805 | 31 592 | 27 380 | 18 253 | 9 127 |
| *Олардың ішінде: бірінші облигациялық бағдарлама шегіндегі екінші шығарылым бойынша* | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 | 4 000 |

Облиғацияларды шығару проспектісінің осы тармағында келтірілген, Эмитенттің ақшалай қаражаттары ағындарының болжамдары теріс немесе дәл емес болуы ықтимал және жүзеге асыруға келмейтін болуы ықтимал, және әртүрлі факторларға тәуелді өзгертуге жататын жорамалдар, деректер немесе әдістерге тәуелді, оның ішінде, мемлекеттік реттеудегі өзғертулер, салықтық талаптардағы өзғертулер (оның ішінде, салықтық мөлшерлемелердің өзгеруі, жаңа салықтық заңдар және салық заңнамасын түсіндірудің қайта қаралуы), пайыздық мөлшерлемелердің, айырбастау бағасының және басқа да нарықтық шарттардың өзгерістері, оның ішінде, экономикалық және саяси шарттардағы өзгерістер, және болашақтың басқа да белгісіздіктері.

Эмитент жаңа ақпараттың пайда болуы, болашақ оқиғалар немесе басқа да негіздер салдарынан, облиғацияларды шығару проспектісінде ашылатын белгілі бір болжамдық деректерді жаңартуға немесе қайта карауға міндетті емес және ниетті емес. Эмитентке немесе Эмитент атынан әрекет ететін басқа тұлғаларға жатқызылатын болашақ туралы барлық кейінгі жазбаша немесе ауызша өтініштер және/немесе болжамдар толығымен, облиғацияларды шығару проспектісінің күллі мәтіні бойынша бар сақтандырушы мәлімдемелермен шектеледі. Аталмыш тәуекелділіктер, белғісіздіктер немесе жорамалдар салдарынан, облиғациялардың ықтимал сатып алушылары болашақ туралы аталмыш мәлімдемелерге талапқа сай емес жүгінбеулері тиіс.